

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы

Сынып: мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың кезеңі : 9-13 қаңтар айы 2023ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау 8 ³⁰					
Ата –аналармен әңгімелесу кеңес беру,балаларды жан-жақты қарап қабылдап алу,дене қызуын бақылау,ата-анасынан түнгі ұйқысы қалай болғандығын сұрау,күнделікті мектепке әкеліп,алып кетулерін қадағалау. Мәдени-гигиеналық әрекеттер мен дағдылар,ұйымдастыру шаралары ,балалардың қызығушылығына,көңіл күйіне назар аудару					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)8 ⁴⁰ -8 ⁵⁰					
Таңғы жаттығу 8 ⁵⁰ -8 ⁵⁵ Гимнастика №1					
Балалармен ойындар ҮІӨ дайындық	1.Сөйлеуді дамыту 2. Математика негіздері 3. Сауат ашу негіздері 4. Дене шынықтыру	1. Қоршаған ортамен танысу 2. Қазақ тілі 3. Көркем әдебиет 4. Музыка	1. Сауат ашу негіздері 2. Математика негіздері 3. Қазақ тілі 4. Дене шынықтыру	1. Сөйлеуді дамыту 2. Қоршаған ортамен танысу 3. Көркем әдебиет 4. Музыка	1.Сауат ашу негіздері 2. Математика негіздері 3.Шығармашылық іс-әрекет 4.Дене шынықтыру

Ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сөйлеуді дамыту «Л» – «Р» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынадай: ерін, тіл сәл ашылып, тілдің ұшы үстіңгі тістің түбіне тиеді. «Л» дыбысын айтқанда тілдің ұшы жоғары көтеріліп, тістің түбіне тиеді. Ал тілдің артқы жағы көтеріңкі, ортасы ашық болып, екі жағы тіске тимей, дем осы тілдің ортасынан шығады. «Л» – дауыссыз дыбыс. "Л" дыбысының буын арасында кездесуі. Ла-Ла-Лак Лә-Лә-Ләззат Да-Да-Дала До-До-Долана Құ-лак Құ-лан «Бір сөзбен айт» Ойынның барысы: Заттарды танып бір сөзбен айтуға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: Ыдыстардың,	1.Қоршаған ортамен танысу Топтық жұмыс. Балалар санамақпен екі топқа бөлінеді. 1-топқа ұнтаспадағы әуендерді табу тапсырмасын беріледі. Ұсынылатын шығармалар үзінділері: 1.Құрманғазының «Сарыарқа» күйі; 2.Орыс халқының «Во поле березка стояла» әні; 3.Ұйғыр халқының «Аппақ қошақандар» әні. Балалар әуендерді тыңдап, білгендерінше қай ұлт өкілдерінің туындылары екенін табуға тырысады. 2-топқа ұлттық музыкалық аспаптарды атауға тапсырма беріледі. Ұлттық аспаптарды көрсетіп, қай ұлт өкілдеріне тиісті екенін табуды ұсынады (домбыра, балалайка, дутар). Балалар аспаптардың қай ұлт өкілдеріне тиесілі екенін ажыратып, қандай үн шығаратынын	1.Сауат ашу негіздері Дидактикалық ойын «Бөлшектерін тап» Ойын барысы: бір заттың бөлшектерін тізіп айтады. Балалар ненің бөлшегі екенін тез табу керек. 1.Терезе, шатыр, қабырға – ...(<i>үй</i>) 2. Жапырақ, дінгек, бұтақ – ...(<i>ағаш</i>) 3. Дөңгелек, кузов, кабина, руль – ...(<i>көлік</i>) 4. Бас, аяқ, ауыз, өркеш – ...(<i>түйе</i>) Дидактикалық ойын «Сөз қос» Ойынның мақсаты: сөзге сөз қосып,сөйлем құрастырту арқылы баланың зейінін,шапшаң ойлауын дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: Шар, алма ойыншықтар. Ойынның мазмұны: балаларды екі топқа бөліп өткізуге болады. Тәрбиеші сөз айтады, балалар сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды.	1.Сөйлеуді дамыту «Л» – «Р» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынадай: ерін, тіл сәл ашылып, тілдің ұшы үстіңгі тістің түбіне тиеді. «Л» дыбысын айтқанда тілдің ұшы жоғары көтеріліп, тістің түбіне тиеді. Ал тілдің артқы жағы көтеріңкі, ортасы ашық болып, екі жағы тіске тимей, дем осы тілдің ортасынан шығады. «Л» – дауыссыз дыбыс. "Л" дыбысының буын арасында кездесуі. Ла-Ла-Лак Лә-Лә-Ләззат Да-Да-Дала До-До-Долана Құ-лак Құ-лан «Бір сөзбен айт» Ойынның барысы: Заттарды танып бір сөзбен айтуға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары:	1.Сауат ашу негіздері Дидактикалық ойын «Мамандықты тап» 1. Науқасты кім емдейді? (<i>Дәрігер</i>) 2. Шашты кім қияды? (<i>Шапшараз</i>) 3. Үйлерді кім салады? (<i>Құрылысшы</i>) 4. Көмірді кім табады? (<i>Шахтер</i>) 5. Кітапты кім жазады? (<i>Жазушы</i>) Дидактикалық ойын «Буынға буын қос» Ойын барысы:Балаларға суреттерді көрсетіп,бірінші буыны айтылады балалар сөзді жалғастырып соңғы буынды табады.
----------------------------------	--	--	--	---	---

	ойыншықтардың, жануарлардың суреттері. Ойынның мазмұны: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі, сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар 2.Математика негіздері «Жанды апта». Ойынға 7 бала қатыстырылады. Олардың қолына аптаның күндері жазылған түрлі түсті шеңберлер ұстатамыз. Содан соң балалар апта күндерінің реті бойынша қатарға тұруы тиіс. Кейін ойынды қиындатуға болады. Мысалы, балалар аптаның кез келген күнінен бастап қатарға тұруы тиіс. Балаларға шаршылар, дөңгелектер, сопақшалар, тіктөртбұрыш геометриялық фигуралар таратылады. Одан кейін тақтаға геометриялық пішіндердің бөлшектерін	тамашалап, ұстап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табады. Дидактикалық «Кім? Не?» (зат есімдер) Ойынның мақсаты: Жанды жансыз заттарды ажырата алады. Ойынның мазмұны: Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз екенін айтады. Жанды болса кім?, жансыз болса не? Сұрағы қойылады. Дидактикалық ойын: «Ойлан да аяқта» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту,	Дидактикалық ойын «Көңілді доп» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін, сөйлеу мәдениетін одан ары қарай жетілдіру. Сөзден байланыстырып сөйлем құрастыруға үйрету. Шарты: Тәрбиеші допты лақтырады, допты ұстап алған бала маманның іс-әрекетін айтады Дәрігер--- емдейді Аспасшы-- пісіреді Шаштаразшы- қиады Тігінші- тігеді Құрылысшы- үй салады Жүргізуші- машина жүргізеді Сатушы- сатады Дәптермен жұмыс 1. Суреттегі көліктерді ата. Дауыссыз дыбыстардан басталатын көліктер туралы сөйлем құра. Сызбасын сыз. 2. Үзік сызықтарды бастыр.	Ыдыстардың, ойыншықтардың, жануарлардың суреттері. Ойынның мазмұны: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі, сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар 2.Қоршаған ортамен танысу Топтық жұмыс. Балалар санамақпен екі топқа бөлінеді. 1-топқа ұнтаспадағы әуендерді табу тапсырмасын беріледі. Ұсынылатын шығармалар үзінділері: 1.Құрманғазының «Сарыарқа» күйі; 2.Орыс халқының «Во поле березка стояла» әні; 3.Ұйғыр халқының «Аппақ қошақандар» әні. Балалар әуендерді тыңдап, білгендерінше қай ұлт өкілдерінің туындылары екенін табуға тырысады.	Мысалы: <i>ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын, дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...не, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май...мыл,</i> Дидактикалық жаттығу «Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта» Ойын барысы: Балаларға қандай да бір дыбыстан сөздер айтылады, балалар дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіндер, соңында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі
--	---	---	---	---	---

	ен құрастырылған жапсырманы іледі. Балалар жапсырманы талдап, пішін бөліктерінің атауымен танысады.  «Дөнгелекті құрастыр» ойыны (практика жүзінде) Балаларға шаршының бөліктерін түсіндіру 1. Шаршының жиектерін сәйкестендіріп екіге бүктейді, бұл «жарты» 2. Шаршының жиектерін сәйкестендіріп төртке бүктейді, бұл «ширек» 3. Шаршыны теңдей екіге кессе, бұл «тіктөртбұрыш» Осыдан кейін тақтаға бүтін және жарты шаршының суреті ілініп, 	сөйлеу барысында қолдануларын қалыптастыру. Тілдің грамматикасын дұрыс сақтауын қалыптастыру, сөйлеу іскерліктері мен сөздік қорын байыту. Шарты: Берілген сурет бойынша тәрбиеші сөздерді айтады, ал балалар аяқтайды. Қарға ұшады, ал ат ... (шабады) Ит үреді, ал қарға... (қарқылдайды) Жылан жорғалайды, ал балық... (жүзеді) Қасқыр ұлиды, ал қой... (маңырайды) Түйе боздайды, ал жылқы... (кісінейді) Лимон қышқыл, ал қант... (тәтті) Дәптермен жұмыс 1. Ұлттық киімдерді әшекейле. Ою-өрнектерді боя 2. Қазақ тілі Дидактикалық ойын: «Біздің көңіл - күйіміз»	2. Математика негіздері Дәптермен жұмыс 1 тапсырма. Суретті қарайды, есеп құрастырады, шығарады. Есеп құрастырудың үлгісін көрсету: аквариумда қызғылт сары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіп жүрді. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр? Балалар үлгіге сүйене отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды Демонстрациялық материалмен жұмыс «Сонша жина» дидактикалық ойыны Балалар топқа бөлінеді. Әр топтың үстелінде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар,	2-топқа ұлттық музыкалық аспаптарды атауға тапсырма беріледі. Ұлттық аспаптарды көрсетіп, қай ұлт өкілдеріне тиісті екенін табуды ұсынады (домбыра, балалайка, дутар). Балалар аспаптардың қай ұлт өкілдеріне тиесілі екенін ажыратып, қандай үн шығаратынын тамашалап, ұстап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табады. Дидактикалық «Кім? Не?» (зат есімдер) Ойынның мақсаты: Жанды жансыз заттарды ажырата алады. Ойынның мазмұны: Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз екенін айтады. Жанды болса кім?, жансыз болса не? Сұрағы қойылады.	жалаушаны да желбіретесіндер. -р- (ара, арман, арық, рақмет, қарбыз, қырық, рахат, рауғаиш, ару, Ардақ, көзілдірік, көрік, көмір, күрес, күрек, рухани, қару, қарыз, қорық, қар, қарақат, қора, сиыр, сырмақ, қоңыр, қарға, қарлығаиш, қарт, қырғыз, қырыққабат т.б.); -ә- (әтеш, әткеншек, әңгіме, кәрі, әтір, күнә, Күләш, бәтеңке, бәліш, әріп, Мәлік, Әлімжан, Әмір, тәтті, тәкәпар, тәрелке т.б.); -м- (мақта, мал, мамық, қамыр, монша, моншақ, Әмина, қамзол, қаймақ, тамыр, тамыз, көмір, комбайн, мата, мысық, том,
--	--	--	---	---	--

	балалар жарты көппе әлде бүтін көппе сұрағын талқылайды. Дәптермен жұмыс: 1,2,3,4 тапсырмаларды орындау. Фигураларды теңестіріп, суреттерді аяқтап бояу. «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. 17-ші беттегі № 23-ші тапсырманы орындау 3.Сауат ашу негіздері «Жалпы атауын ата» ойыны 1. Құлпынай, таңқурай, қарақат – ... (<i>жидектер</i>) 2. Түймедақ, қызғалдақ, раушан – ... (<i>гүлдер</i>) 3. Көбелек, қоңыз, маса, құмырсқа – ... (<i>жәндіктер</i>) 4. Сиыр, ешкі, қой, жылқы – ... (<i>малдар</i>) 5. Күн, түн, таңертен, кеш – ... (<i>күн уақыты</i>)	Мақсаты: балаларды суреттегі бет- әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс айтқызу. Шарты: бет-әлпеттің мимикасына қарап, көңіл күйді білдіретін сөздерді бөліп айтады. Сөйлем құрайды, әр түрлі көңіл күйді білдіретін сөздерді салу. Күліп тұрған бала Ренжіп тұрған бала Аузын ашып тұрған бала. Аузын томпайтып тұрған бала т,б суреттер Дәптермен жұмыс Суретке қара. Қай жыл мезгілі бейнеленген? Жануарларды ата. Тиін қайда отыр? 3.Көркем әдебиет Жаңа жыл келді	бұршақтар,қыстырғыш немесе басқа материалдар) Балаларға 1-ден 10-ға дейінгі сан жазылған карточканы көрсетеді, балалар сол санға байланысты заттарды жинайды Дәптермен жұмыс 2,3 тапсырмаларды орындау «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. 18-беттегі № 26 тапсырманы орындау 3.Қазақ тілі Дидактикалық ойын: «Не артық?». Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері). Дидактикалық ойын «Қайтала, көрсет». Балаларға киімдердің атауларын жекеше, көпше	 Дидактикалық ойын: «Ойлан да аяқта» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу барысында қолдануларын қалыптастыру. Тілдің грамматикасын дұрыс сақтауын қалыптастыру, сөйлеу іскерліктері мен сөздік қорын байыту. Шарты: Берілген сурет бойынша тәрбиеші сөздерді айтады, ал балалар аяқтайды. Қарға ұшады, ал ат ... (шабады) Ит үреді, ал қарға... (қарқылдайды) Жылан жорғалайды, ал балық... (жүзеді)	<i>әмір, темір, жемір т.б.).</i> Дәптермен жұмыс 1.Дыбыстық талдау жаса: Кесе сөзінде 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс бар. К – қатаң дауыссыз дыбыс. Е – жіңішке дауысты дыбыс. С – қатаң дауыссыз дыбыс. Е – жіңішке дауысты дыбыс. Асық сөзінде-2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс. А – жуан дауысты дыбыс. С – қатаң дауыссыз дыбыс. Ы – жуан дауысты дыбыс. Қ – қатаң, дауыссыз дыбыс. 2.Суретті штрихта 3.Бастыр
--	---	---	---	--	---

	«Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны Балаларға дыбыстарды айтады: а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж. Балалар тиісті түсті көтереді,егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек. «Сөз айт, тез айт» дидактикалық ойыны Балаларды үш топқа бөлінеді. Бірінші топқа дауысты дыбыстардан басталатын сөздер, екінші топқа қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын, үшінші топқа ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер айтуға тапсырма беріледі. Сөз айтқан командаға жалауша беріп отырады. Ойын соңында жеңімпаз команда анықталады.Мысалы: дауысты дыбыстардан басталатын сөздер: <i>алма, ана, арна, ай, алқа, ауыз,</i>	Жаңа жыл да келеді Бізге қарай жылыстап. Өлең де әзір, ән де әзір, Ойын да әзір, бәрі әзір. Кел, Жаңа жыл, біздерге, Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл! Дидактикалық ойын: «Нені жақсы көреді?» Мақсаты: Байланыстыра сөйлеуге үйрету, сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Шарты: қамқорлық, жануарларын коректендіруге көмектесу Ойында Магнитті тақтада ойнайды. Балалар жануардың біреуін алып атайды оның не жақсы көретінін айтып суретін жанына орналастырады Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» Ойын шарты: екі шырша қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді.	түрде және олардың түр-түстерін атайды. Балалар сөздерді қайталап, сөзге сәйкес суретті көрсетеді. Мысалы: көйлек, көйлектер, сары көйлек, қысқа жең жейде. Дидактикалық ойын «Керісінше айт» Ойынның мақсаты: Антоним сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: доп Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады да допты лақтырып кез келген сөзді айтады. Балалар сол сөзге керісінше сөзді айтады. Мысалы: ақырын-жылдам, суық-ыстық... Дәптермен жұмыс 1.Киімдерді ата. Атауында қазақ тіліне тән Ұ дыбысы бар киімдерді қызыл, І дыбысы бар киімдерді көк қарындаштармен белгіле.	Қасқыр ұлиды, ал қой...(маңырайды) Түйе боздайды, ал жылқы...(кісінейді) Лимон қышқыл, ал қант...(тәтті) Дәптермен жұмыс 1. Ұлттық киімдерді әшекейле. Ою-өрнектерді боя 3.Көркем әдебиет Жақсы мен жаман Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып, Жүреді ол таранып. Дәптермен жұмыс: 1.Суретте не бейнеленген? Қай баланың ісі дұрыс? Қай баланың ісі дұрыс емес? Дұрысын – жасыл, дұрыс емесін қызыл түспен белгіле.	2.Математика негіздері Дәптермен жұмыс 1тапсырма.Суретті қарайды,есеп құрастырады, шығарады.Есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді:аквариум да қызғылт сары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіпжүрді.Аквариумда қанша балық жүзіп жүр? Балалар үлгіге сүйене отырып,қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады,шешеді, жауабын атайды Демонстрациялық материалмен жұмыс «Сонша жина» дидактикалық ойыны
--	--	---	---	---	---

орындық, от, Омар, он, оң, ол, ыдыс, ымырт, ірімшік, ілгіш, үтік, үй, үйшік, үлкен, өрмекші, өшіргіш, уық, уыз т.б. Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер: қаймақ, қалта, қазан, қоңыз, қора, қап, қатық, құй, қасқыр, қоқыс, таң, ферма, шаш, сабын, хат, циркуль, щетка, картоп, парта, сағыз т.б. Ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер: бақа, вагон, гараж, гарыш, доп, жаңбыр, зәкір, лақ, мақта, нағашы, радио, суық, гүл, балық, май, литр, жұлдызқұрт, жұдырық, жұмыртқа, дақ, Дана т.б. «Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны Ойын шарты: Балалар сөйлемнің басын айтады, балалар сөйлемді аяқтау керек. Мысалы: Балалар бақта жүгірді.	Шыршаны өздері жасаған ойыншықтармен, қағаз қолшаммен (фонарик) безендіру. Жылдам безендірген топ жеңімпаз атанады Дәптермен жұмыс: 1. Суретте балалар не істеп жатыр? Әр балаға ат қой, олардың немен айналысқанын әңгімеле. Жаңа жыл мерекесі қалай тойланады? 2. Жұмбақты шеш. 3. Жасыл ине киімім, Жайлаймын тау биігін. Жаңа жылды тойласаң, Төріндемін үйіңнің. (Шырша) 4. Музыка . Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау.	4. Дене шынықтыру 1. Бір-бірден тізбекке тұру. Қолдарды ауыстырып, жартылай отырып, тапсырмаларды орындау. Бір тізбекке сап құрып жүру. Қолдарын еркін ұстап, ырғақпен қимылдауға тырысады. Үш-үштен тізбекке қайта тұру. 2. Түзету жаттығуларын орындау: «Көз – қол» «Пілді бейнелеу» Пілдің отырысындай отыру, немесе тұру. Аяқтарын аздап бүгу, басын иығына қисайту, қолдарын алдыға созып, үлкен қылқаламмен салғандай бір нәрсені бейнелеу. Сосын екінші қолмен сол қимылдарды қайталау. 3. Сол қолмен оң қолдың білезігін ұстап, уқалау. Оң қолмен сол қимылдарды қайталау. 4. Қолдарын көздің деңгейіне дейін	Дидактикалық ойын: «Біздің көңіл - күйіміз» Мақсаты: балаларды суреттегі бет- әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс айтқызу. Шарты: бет- әлпеттің мимикасына қарап, көңіл күйді білдіретін сөздерді бөліп айтады. Сөйлем құрайды, әр түрлі көңіл күйді білдіретін сәттерді салу. Күліп тұрған бала Ренжіп тұрған бала Аузын ашып тұрған бала Аузын томпайтып тұрған бала т.б суреттер «Сиқырлы қапшық» Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға,	Балалар топқа бөлінеді. Әр топтың үстелінде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар) Балаларға 1-ден 10-ға дейінгі сан жазылған карточканы көрсетеді, балалар сол санға байланысты заттарды жинайды Дәптермен жұмыс 2,3 тапсырмаларды орындау «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. 18-беттегі № 26 тапсырманы орындау
--	---	--	---	--

	Атам шалғымен <i>шөп шапты</i>. Анам сиыр <i>сауды</i>. Ағаштың түбі – <i>қалың қар</i>. Аю қыста <i>ұйықтайды</i>. Малдар жайлауда <i>жайылды</i>. Балалар доп <i>ойнады</i>. Үсен мәшинені <i>жуды</i>. Дәптермен жұмыс 1. Суреттерді кара. Әр сурет бойынша сөйлем құра. Сызбасын сыз. 2. С дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк түспен боя. 4.Дене шынықтыру 1.Бір, екі тізбекпен жүру; кең және қысқа адыммен, қолдарын сермеп, бір бүйірмен жүру. У-шу кешені бойынша тыныс алуларын қалпына келтіру.Сапқа тұрып, бірінші-екінші санағы бойынша санайды.	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева). Балалар музыкаға ілесіп, қорбандап, аюлардың жүрісін салады. Ауыр қимылдап отырып-тұрады, отырғанда аяқтарын кезек-кезек созады, айналады. Музыка тыңдау. «Вальс» (С. Майкапар). Ән айту: «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев). Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан). Балалар биге жұптасып қатысады. «Қай аспапта ойнаймын?» ойыны Мақсаты: Қазақтың ұлттық аспаптарының (ішекті,ұрмалы,үрлемелі) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру, ажырата білуге үйрету.	көтеріп, түйістіру. Мұрнымен бір қолдың алақанынан бастап, бойымен жүргізе отырып, иығына дейін сызық салу. Сосын көз алдына шеңбер сызып, келесі қолмен осы қимылдарды қайталау. «Дегелек» жаттығуы. Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұру.Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды. Шаңғы жолымен сырғыта аттап, бірінің артынан бірі жүру. Шаңғымен қозғалыста жылдамдық дұрыс қадам аттағаны мен қадамдар жиілігіне тікелей байланысты екендігіне басты назар аударту. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Алшақ бас!». <i>Ойын барысы:</i> алшақ адымдар тек аяғымен жақсы итерілу, қолын	топтастыруға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады. 4.Музыка Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева). Балалар музыкаға ілесіп, қорбандап, аюлардың жүрісін салады. Ауыр қимылдап отырып-тұрады, отырғанда аяқтарын кезек-кезек созады, айналады.	3.Шығармашылық іс-әрекет Дидактикалық ойын: “Қандай пішін жетіспейді?” Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Шарты: Түрлі суреттер беріледі. Ол суреттердің жетіспейтін жерлерін толықтырып, сәйкес пішіндерді түстері бойынша тауып орналастыру. 
--	--	--	---	---	--

	Тізбекпен жүреді, залдың ортасында екі тізбек құрып жүреді. Педагогтің бұйрығына сәйкес бір іс-әрекеттен екінші іс-әрекетке көшеді. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Баяу қарқынмен жүгіру. 2.Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Нөмірлері бойынша топ болып сапқа тұрады.30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. Нұсқау – екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады.Заттардың жанында екі тізбекке тұрады. Топтарға ат қояды. Поролон текшелерден секіріп, құрсауды айналып өтіп, таяқшаны келесі балаға алып келіп, өзі тізбектің соңына тұрады. Келесі жолы топ болып секіріп барып, қайтарда жүгіріп	Аспаптарда ойнауға машықтандыру, қызығушылықтарын арттыру.	екпінмен дұрыс сермеу, аздап бүгілген аяқпен барынша ұзаққа сырғығанда ғана мүмкін болатынына басты назар аудару керек.15 метр қашықтықты ойыншылар қанша қадам жасап жүріп өтетінін есептеп байқау. Ойыншылар шаңғы жолымен 15 метр жүріп өтеді. Әр аяғымен мүмкіндігінше алысқа сырғуға тырысады. Қайтадан орнына жай жүріп қайтады.	Музыка тыңдау. «Вальс» (С. Майкапар). Ән айту: «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев). Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан). Балалар биге жұптасып қатысады. «Қай аспапта ойнаймын?» ойыны Мақсаты: Қазақтың ұлттық аспаптарының (ішекті,ұрмалы,үрлемелі) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Аспаптарда ойнауға машықтандыру, қызығушылықтарын арттыру.	«Қысқы спорт түрлерін ата» Мақсаты:қыс мезгіліндегі спорт түрлері туралы білімдерін қалыптасады Шарты: жасырынған суреттердің қандай спорт түрі екенін айтады.   Балалар шығармашылығы 4.Дене шынықтыру
--	--	---	---	---	--

	қайтып келеді. Екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Ойын жаттығуы «Қатып қал» Ойын барысы: Шашырап жүру, жүгіру. «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады. «Ержүректілікке жаттықтыру» «Бұлтқа қол жеткізу» Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру. Тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады. Тепе-теңдік: Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Орындықта				Қимыл-қозғалыс ойыны «Кім зейінді?» «Ғарышкерлердің» әрқайсысы зымырандағы өз орнын есте сақтап алуы керек. Басқарушылардың артынан төрт тізбекке тұрады. белгі берілгенде көздерін жұмады. Бастаушылар көрсетілген жерге барып орналасады да жалауды көтереді. Ойыншылар өз командирлерін тез тауып, зымыранға отырып үлгеруі керек. Командир қолына батареялы ойыншық рөлді алады. Балалар «паровоз» жасап, төрт тізбекке бес-бестен тұрып, залмен командирлерінің артынан шеңбер
--	--	--	--	--	---

	ан түскенде жерге аяқтарының ұшымен түседі. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім шапшаң?» Төрт бастаушыны таңдап, оларға түрлі жұлдызшалар береді. Төрт тізбекке тұрады. Бастаушы – командир. Көздерін жұмып тұрады. Осы кезде бастаушылар көрсетілген жерге барып тұрады. Белгі бойынша көздерін ашып, орындарын жылдам табуға тырысады, қалғандары бастаушының артына тізбекке тұрады.				бойымен түрлі бағытта жүре бастайды. Ойын жаттығуы: «Зымыранның ұшуы». Ойны барысы: Бастушынын артынан ұшу Зымырандарды басқару тетігін қосу, «1-2-3 – кеттік!» сигналы Қимыл-қозғалыс ойыны «Музыкалық ғаламшар» Ойын барысы: Біркелкі тыныс алып, ырғақтық гимнастика жасау. Жаттығуларды дұрыс, басқалармен бірдей жасауға тырысады. «Секектегіш» ғаламшары. Бұл ғаламшарда балалар секіріп жүреді. Екі аяқтап
--	--	--	--	--	--

					биіктігі 20-30см заттардан аттап секіру. «Түрлі түсті ғаламшар» – бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды жақсы көреді. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу. Себеттен түрлі доптарды алып, қалауынша тұра қалады. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып, саусақтың басымен қарсы алып, қайта қайтарып аяқтың жанына қарай еденге соғуға тырысады. Допты соққанда күш мөлшерін есептеп, дұрыс
--	--	--	--	--	--

					пайдалануға тырысады «Жорғалаушылар ғаламшары» – бұл ғаламшардың тұрғындары тек еңбектеп, жорғалап қозғалады. Модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп жүруге жаттығу.Шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп залдың келесі жағына модульдерден асып өтеді.Қолдары мен аяқтарының жұмысын үйлестіруге, бағытын сақтап қозғалуға, басқа балаларға соғылмауға тырысады. «Сиқырлы ғаламшар» – бұл ғаламшардың тұрғындары алыптардан қортықтарға айнала алады.
--	--	--	--	--	---

					Залға шашырап бытырыңқы жүрісті орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды: шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап, қолдарын беліне қойып жүреді
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту Сақтық шаралары Жолда жүру ережелері Жолда жүгірме, бөгелме, бөгде адамдармен сөйлеспе!	Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту, ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру	Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту, ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру Этика – эстетика, мәдениет, жеке бас гигиенасы, Жолда жүру ережелері туралы ескертулерді күнделікті ескерту	Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту, ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру	Жолда жүгірме, бөгелме, бөгде адамдармен сөйлеспе!

